

ТҰТҚЫН

Отырмын дымқыл, қараңғы үйде терезесі торлаулы,
Қапастағы бір жас бүркіт қос қанаты қомдаулы:
Қайғыланған, қапаланған менің мұңды жолдасым,
Қарсы алдында тереземнің жейді шоқып қанды асын;

Шоқиды да, тастап жемін, тереземе қарайды,
Бейне менің ойыма ортақ, мені өзіне балайды,
Көз қырымен, дауысымен шақырады шаңқылдап,
Демек болад: "Кел, кетелік, кел, ұшалық жарқылдап.
Жетті уақыт, туысқаным, біз ерікті құстармыз.
Бұлт бүркенген асқар тауға біз ұшуға құштармыз,
Көлбеп жатқан көк теңізге қанат безеп кетейік,
Тек жел есер... тек мен жүрер... еркін жерге жетейік!"